





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

**ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ
ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАР**

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Конкурс туралы хабарландыру және құжаттарды қабылдау	2
3	Конкурстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру	4
4	Конкурс өткізу тәртібі	5
5	Қорытынды ережелер	7

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	2-бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы педагогтар мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Университет) оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Қағидалар мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңымен;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңымен;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексімен;
- ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысымен.


1.3 Педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурсты (бұдан әрі - конкурс) Университет бос орындар болған кезде қажеттілігіне қарай өткізеді.

1.4 Конкурсқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын және әлеуметтік әріптестік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамамен бекіткен Ұлттық біліктілік шеңберінің 6,7 және 8 деңгейлеріне сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар адамдар қатысады.

2 КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

2.1 Педагог немесе ғылыми қызметкердің бос лауазымы қалыптасуы мүмкін немесе болған жағдайда құрылымдық бөлімшенің басшысы кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлімге өтінім береді, оны бос лауазымның негізгі функционалдық міндеттерімен, үміткерге қойылатын талаптармен, оның біліктілік деңгейімен, басқа да қосымша талаптармен (іскерлік және жеке қасиеттер, тілдерді білу деңгейі, компьютерлік технологияларды меңгеру және т. б.) сүйемелдейді.

2.2 Бес жұмыс күні ішінде өтінімді кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлім өңдейді және бос лауазымның болуы туралы ақпарат Университеттің ресми

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	3-бет

сайтына <http://kaznu.edu.kz/>, электрондық еңбек биржасына www.enbek.kz / құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын қойылады.

2.3 Университет конкурс өткізу туралы хабарландыруды Университеттің ресми сайтында және/немесе Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырады.


2.4 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) бос лауазымның атауы;
- 2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген Университеттің заңды атауы;
- 3) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;
- 4) конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;
- 5) қатысушыларға ұсынылуы қажет құжаттар тізімі.

2.5 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар хабарландыруда көрсетілген мерзімде Университет ректорының атына өтініш (еркін нысанда) береді.

2.6 Конкурсқа қатысушылар өтінішке мынадай құжаттарды қоса беруі тиіс:

- 1) белгіленген нысандағы 3x4 см фотосуреті бар кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;
- 3) еркін нысандағы өмірбаян;
- 4) еңбек кітапшасының куәландырылған көшірмесі;
- 5) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі (бар болса) білімі туралы дипломдардың көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- 6) академиялық және/немесе ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- 7) құрметті атақ, мемлекеттік және ведомстволық наградалар туралы құжаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- 8) қайта даярлау туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- 9) кеуде қуысын флюорографиялық зерттеудің суреті (бір жылдан аспайтын мерзімде);
- 10) электрондық үкімет порталынан алынған сотталмағандығы туралы анықтама (https://egov.kz/cms/ru/services/job_search/e_004);
- 11) электрондық үкімет порталынан алынған «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2Fpassport);

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	4-бет

12) электрондық үкімет порталынан алынған «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2F161_mzsr);

13) электрондық үкімет порталынан алынған адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/job_search/pass29_gp);

14) электрондық үкімет порталынан алынған адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/legal_relations/gp_015).

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

2.7 Конкурса қатысушы жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды (бар болса) қамтитын портфолио түрінде ұсынуы тиіс:

- растайтын құжаттары бар шығармашылық жетістіктер тізімі (грамоталар, дипломдар, сертификаттар, афишалар, концерт бағдарламалары, дискілер және т. б.);
- неғұрлым маңызды жұмыстардың көшірмелерімен жұмыс орны бойынша расталған ғылыми жұмыстардың тізімі;
- монографиялар, оқу құралдары және автордың жеке немесе бірлескен авторлығымен орындалған басқа да ғылыми және оқу-әдістемелік құралдар;
- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар;
- алғыс хаттар, грамоталар.


2.8 Конкурса қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар, шет тілін білу деңгейі туралы сертификаттар және т. б.) ұсына алады.

3 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Университеттің педагогтары мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі - Конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттік мерзімдерін ректор айқындайды.

3.2 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) барлығына конкурса қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 2) конкурса қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) конкурсты өткізудің объективтілігін, жариялылығын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- 4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	5-бет

- 5) конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;
- 6) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

3.3 Конкурстық комиссия мүшелердің тақ санынан және мынадай құрамда құрылады:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – Университет проректоры;
- 2) конкурстық комиссияның мүшелері:
 - академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы;
 - колледж және мектеп бойынша оқу процесін ұйымдастыру қызметінің басшысы;
 - кадрлармен жұмыс бөлімінің басшысы;
 - құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;
 - қауіпсіздік қызметі бөлімінің біліктілігі жоғары деңгейдегі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша) маманы;
 - психолог.

3.4 Конкурстық комиссияның хатшысы кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлімнің өкілі болып табылады. Хатшы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

3.5 Конкурстық комиссияның отырыстарына бос лауазымдарға кандидаттар іріктелетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ Конкурстық комиссия төрағасының рұқсаты бойынша Университеттің өзге де қызметкерлері шақырылуы мүмкін. Шақырылған адамдар конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде дауыс беруге қатыспайды.

4 КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ


4.1 Университет:

- 1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- 2) конкурстың өткізілетін күні мен орнын айқындайды;
- 3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;
- 4) комиссия отырысын ұйымдастырады.

4.2 Қажетті құжаттарды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін берген тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

4.3 Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) университет педагогтары мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттардың өтінімдерін қарау;
- 2) бос лауазымдарға орналасуға кандидаттармен әңгімелесу өткізу;
- 3) конкурс қорытындысын шығару.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	6-бет

4.4 Конкурс әңгімелесу нысанында үміткерлер қызметінің қорытындыларын талдамалық жалпылау негізінде өткізіледі, бұл ретте кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін және олардың әрбір бос лауазым бойынша Университеттің біліктілік сипаттамалары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалау жүргізіледі.

4.5 Дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурсстық комиссия отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

4.6 Талқылау барысы мен конкурстық комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Конкурстық комиссияның ерекше пікірі бар мүшелері оны білдірген жағдайда оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса беріледі.

4.7 Конкурсстық комиссияның отырыстарында аудио немесе видео бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе видео бейнежазба Университет мұрағатында бір жыл сақталады.

4.8 Дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия еңбек шартын жасасу үшін «ректорға ұсынылады» немесе «ректорға ұсынылмайды» деген тұжырыммен бос лауазымға әрбір кандидат бойынша ұсынымдар дайындайды.

4.9 Конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысқан барлық кандидаттарды таныстырады.


4.10 Конкурсқа қатысушылар конкурстық құжаттармен және конкурстық комиссияның шешімдерімен оларға қатысты бөлігінде таныса алады.

4.11 Конкурсқа қатысқан кандидаттар конкурс комиссиясының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

4.12 Конкурс қорытындысы бойынша ректордың таңдалған кандидатпен келісімімен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

4.13 Еңбек шарты негізінде Университет ректорының жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы шығарылады.

4.14 Егер оқу жылы ішінде конкурста қаралғанға ұқсас бос орын туындаса, Университет кандидатпен еңбек шартын жасасуға құқылы, ол конкурстық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тізімде келесі болып шығады. Мұндай жағдайда үміткер Университеттің педагогтары мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасуға конкурстан өткен болып есептеледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.03.2023
	ПЕДАГОГТАР МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ҚАҒИДАЛАРЫ	7-бет

4.15 Өндірістік қажеттілік жағдайында Университет ректормен келісім бойынша конкурстық комиссия мүшелерін (кемінде үш мүше) онымен әңгімелесу нәтижесінде 3 айға сынақ мерзімімен еңбек шартын жасаса отырып, маманның бос лауазымына алуға құқылы.

Бұл ретте Университет сайтқа бос орын қойып, үш ай өткенге дейін осы лауазымға конкурс өткізуі тиіс. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Университет сынақ мерзімінен өтпеген ретінде бос лауазымға ие болған адаммен шартты бұзуға құқылы.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.